

## Мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 491 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 желтоқсанда № 31060 болып тіркелді.

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.09.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі

A. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі  
2022 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 491 бұйрығымен  
бекітілген

**Мемлекеттік білім беру үйимдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 № 194 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар мен анықтамалар:

1) ақпараттық жүйе (АЖ) – педагогтердің баламалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді (бұдан әрі – ОӘК), оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтарды таңдауы туралы ақпаратты сақтауға, іздеуге және өндептеге арналған мемлекеттік ақпараттық ресурс;

2) электрондық нысандағы оқулықтың және ОӘК-нің таныстырылымды (көрсетуге) нұсқасы – оқулықтың мұқабасы, шығару деректері, мазмұны және кемінде 30% оқу материалдары бар цифровық көшірмесі.

## **2-тарау. Мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен ОӘК таңдау тәртібі**

3. Мемлекеттік білім беру үйымдары педагогтерінің оқулықтар мен ОӘК таңдауы үшін баспалар жыл сайын "Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес ((Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығына (бұдан әрі – РПП БМСО) электрондық нысандағы оқулықтардың және ОӘК-нің таныстырылымды (көрсетуге) нұсқаларын ұсынады.

4. РПП БМСО тізбе бекітілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде педагогтердің зерделеуі үшін өзінің веб-ресурсында оқулықтардың таныстырылымға (көрсетуге) арналған электрондық нысандағы нұсқаларын орналастырады, сондай-ақ бекітілген оқулықтар мен ОӘК туралы мәліметтерді АЖ-ға енгізеді.

5. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ағымдағы жылды наурыз және сәуір айлары аралығында баспалармен бірлесе отырып,

педагогтерге, әдістемелік бірлестіктердің басшылары мен мектептердің қамқоршылық кеңес мүшелеріне, ата - аналар мен оқушыларға арналған "Жаңа оқу жылындағы мектеп оқулықтары" көрмесін (бұдан әрі – Көрме) ұйымдастырып, өткізеді. Көрмені өткізу кестесін РЕП БМСО жергілікті атқарушы органдармен және баспалармен келісе отырып әзірлейді.

6. Көрменің мақсаты педагогтер мен қоғамға жаңа оқу мектеп әдебиеттерімен, олардың ерекшеліктерімен және авторлық ұжымдармен танысуға мүмкіндік беру, білім беру ұйымдарының педагогтеріне оқулықтарды таңдауда алдын ала әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету болып табылады.

7. Оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтарды таңдау, оларды Тізбеке енгізгеннен кейін бір рет жүзеге асырылады.

8. 10 сәуірге дейінгі кезеңде білім беру ұйымдарының әдістемелік кеңестері әдістемелік бірлестіктер ұсынған оқулықтар мен ОӘК-ті талқылап, таңдалған оқулықтар мен ОӘК-пен қоса хаттама (еркін формада) құрастырады.

9. Белгілі бір пән бойынша оқулық болмаған жағдайды қоспағанда, ОӘК бөлек таңдалмайды. Білім беру ұйымының параллель сыйнаптарында бір пән бойынша бірдей оқулық пен ОӘК қолданылады.

10. 15 сәуірге дейін әдістемелік бірлестіктердің басшылары, сондай-ақ әдістемелік бірлестіктері жоқ ұйымдардың педагогтері АЖ-да оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтарды таңдау туралы белгі қояды және таңдалған оқулықтар мен ОӘК көрсетілген білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінің хаттамасын (еркін формада) тіркейді.

11. Таңдалған оқулықтардың тізімі кейінгі жылдары сатып алуға негіз болып табылады.

12. Педагогтер таңдау жасағаннан кейін білім беру ұйымының кітапханашиысы 25 сәуірге дейін АЖ-да білім беру ұйымының білім алушылар санына сәйкес қажетті оқулықтар мен ОӘК санын көрсетеді.

13. 1 мамырға дейін аудандық (қалалық) білім бөлімінің жауапты маманы алдағы оқу жылына оқулықтар мен ОӘК қажеттілігінің толықтығын тексереді және білім беру ұйымдарының бөлінісінде өтінімді келісіп, АЖ арқылы облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармасына жолдайды.

14. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары білім алушылар контингенті мен қаржыландыру көлемін ескере отырып, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтарды сатып алуға АЖ-ға қорытынды өтінімді қалыптастырады.

15. Мемлекеттік білім беру ұйымының кітапханашиы АЖ-да оқулықтар мен ОӘК алғаннан кейін келіп түскең оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің нақты саны мен атауын толтырады.

16. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары АЖ арқылы өтінімдер бойынша алған және жеткізілген оқулықтар мен ОӘК-ге талдау жасайды.

17. АЖ-да қалыптастырылған өтінімдерде таңдалған оқулықтар (атауы, баспасы, авторлары) өзгертуге жатпайды.

18. РГП БМСО білім беру ұйымдарының тапсырыс берілген және алған оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтарды сатып алуына АЖ арқылы мониторинг жүргізеді.

19. Білім беру ұйымдарына келіп түскен оқулықтар мен ОӘК-нің нақты таңдауына сәйкес келмейтіні анықталған кезде мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтері облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандық (қалалық) білім басқармаларына ескертулер, ұсыныстар және шағымдармен жүргіне алады.

Келіп түскен шағымдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес қаралады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК